



Педагогикалық кәсіп пен іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы



Педагогикалық мамандықтың пайда болуы және қалыптасуы

- ❑ Ежелгі Вавилонда, Египетте, Сирияда мұғалімдер ең алдымен жрецы болды.
- ❑ Ежелгі Грецияда – мұғалімдер өте ақылды, талантты азаматтардан алынды: педономдар, педотрибтар, дидаскалдар, педагогтар.
- ❑ Ежелгі Римде император мұғалім ретінде мемлекеттік лауазымдағы адамдарды, ғылымды жақсы білген, саяхатшыларды, көп көргендерді қойды, яғни бұндай адамдар басқа халықтың тілін, салт-дәстүрін білетін адамдар.
- ❑ Ежелгі Қытай жазбаларында біздің эрамызға дейінгі XX ғасырларда елде халық ағарту ісімен айналысатын министрлік болғаны айтылады.



**Педагог мамандығының негізгі міндеті –
қоғамдық мақсатты түсініп, басқа
адамдардың күш-жігерін сол мақсатқа
жетуге бағыттау.**



**Педагогикалық мамандықтың
ерекшелігі ол гуманистік, ұжымдық
және шығармашылық
сипаттамалардан тұрады**



XX ғасырдың 50-70 жылдарындағы көптеген ғылыми-педагогикалық зерттеулер мұғалім мамандығының қыр-сырын, педагогикалық іс-әрекет ерекшеліктерін жан-жақты талдауға бағытталады:

- 1. педагогикалық іс-әрекет құрылымы (Н.В. Кузьмина, А.И.Щербаков т.б.);**
- 2. педагогикалық техника (Ю.П.Азаров т.б.);**
- 3. мұғалім профессиограммасы (С.А. Сластенин, О.А.Абдуллина т.б.)**



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ –
педагогикалық процесте жас
ұрпақты оқытып, тәрбиелеп,
дамытуға, өздерін өздері іске асыруға
және еркін шығармашылық
тұрғыдан өздерін таныта алуларына
қолайлы жағдай жасауға
бағытталған кәсіби іс-әрекет.





Педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі – МҰҒАЛІМ.



Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі ерекшеліктері:

- 1. Мақсаты қоғам мақсатымен анықталады.**
- 2. Басқа іс-әрекеттерді басқаруға бағытталған іс-әрекет.**
- 3. Іс-әрекет субъект – субъектілік және субъект-объектілік сипатта болады.**
- 4. Тұлғаның дамуы мен қалыптасуы бойынша жүргізілетін педагогикалық қарым-қатынастың нәтижелері болашықта ғана айқындалады.**



**Мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерін
зерттеумен айналысқан педагогтар:**

А.К.Маркова,

Л.М.Митина,

Н.В.Кузьмина,

В.П.Симонов,

К.Д.Успанов,

А.А.Молдажанова т.б.





Мұғалімнің кәсіби негізгі қасиеттеріне мыналар жатады:

* оқушыларға деген сүйіспеншілігі,

* педагогикалық процесті жүйелі жүргізе алуы,

* бақылағыштылығы,

* педагогикалық құбылыстарға талдау жасай алуы,

* педагогикалық ойлаудың қалыптасуы,

* қарым-қатынас жасай алуы,

* ұжымшылдығы,

* шығармашылығы

Н.В.Кузьмина бойынша педагогикалық іс- әрекет дәрежесі

I (минималды) репродуктивті; педагог өз білгенін өзгелерге айтып бере алады; *продуктивті емес.*

II (төмен) бейімделуші; педагог өз хабарламасын аудитория ерекшелігіне бейімдей алады; *аз продуктивті.*

III (орташа) локальді модельдеуші; педагог оқушыларды курстың әр бөлімдері бойынша білімге, дағдыларға, іскерліктерге үйрету стратегияларына ие (яғни, педагогикалық мақсат қою, іздестіру нәтижесі бойынша өзіне жауап беру және оқушыларды оқу- танымдық іс- әрекетке бірітіндеп енгізу); *орташа продуктивті.*

IV (жоғары) – оқушылардың жүйелі модельдеуші білімдері; педагог жалпы пән бойынша оқушылардың дағдылар, іскерліктер ізденісіндегі білімдер жүйесін қалыптастыру стратегиясын меңгерген; *продуктивті.*

V (ең жоғары) – оқушылардың жүйелі модельдеуші іс- әрекеттері мен мінез- құлықтары; педагог өз пәнін оқушы тұлғасын қалыптастыру, оның өзін- өзі тәрбиелеу, өзін- өзі оқыту, өзін- өзі дамыту қажеттіліктерін қалыптастыру құралына айналдыру стратегиясын меңгерген; *жоғары продуктивті.*

Педагогикалық іс- әрекет тәсілдері:

- ✓ түсіндіру;
- ✓ көрсету (иллюстрация);
- ✓ оқушылармен бірігіп атқарылатын жұмыс;
- ✓ оқушы тәжірибесі;
- ✓ тренингтер





ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТ НӘТИЖЕСІ

**Педагогикалық іс-әрекеттің негізгі
мақсатының орындалуы ретінде
оқушының тұлғалық, интеллектуалдық
дамуы, оны тұлға ретінде, іс- әрекет
субъектісі ретінде жетілуі, қалыптасуы.**

Қазіргі заман мұғалімі қызметіндегі ең басты ерекшеліктердің бірі – жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды нығайту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматтарын, еңбеккерлерін, Отан қорғаушыларын тәрбиелеп шығару.

